

## Абай ауылындағы Герман Титов көшесіне Ұлы Отан соғысының ардагері Сансызбай Тойжанов есімін беру туралы

Қызылорда қаласы Қосшыңырау ауылдық округі әкімінің 2010 жылғы 12 сәуірдегі N 54 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаменті Қызылорда қалалық Әділет басқармасында 2010 жылы 11 мамырда N 10-1-136 тіркелді

**Р Қ А О е с к е р т п е с і .**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы N 2572-ХІІ Заңын басшылыққа ала отырып және қалалық ономастикалық комиссияның 2010 жылғы 11 наурыздағы ұйғарымына сәйкес **ШЕШЕМІН:**

1. Қосшыңырау ауылдық округіне қарасты Абай ауылындағы Герман Титов атындағы көшеге - Ұлы Отан соғысының ардагері Сансызбай Тойжанов есімі беріліп, қ а й т а а т а л с ы н .

2. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасау бас маман Ұ.Кушенбаеваға ж ү к т е л с і н .

3. Осы шешім ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізілсін.

Әкім

*С. Дүйсенбаев*